

5. Методология музыкального образования: проблемы, направления, концепции. / Отв. Ред. Э.Б.Абдуллин. – М., 1999.

6. Музыкант-педагог. Спецвыпуск журнала «Преподаватель». - №4. – 1999. - №6. – 2001.

7. Сохор А.Н. Вопросы социологии и эстетики музыки. – Кн. II. – Л., 1981.

\*\*\*

Музыкально-исполнительская, вокально-хоровая, инструментальная, музыкально-теоретическая деятельность как виды музыкальной работы деятельности.

\*\*\*

Music masterly performance, vocal and choral, instrumental, music theory and historical activity as types of music related activity

### Өрида Мәжитқызы

## БАТЫС АЙМАҚ ҰЙҒЫР ЕЛІНДЕГІ БУДДА МӘДЕНИЕТІ

Ежелгі жібек жолдарының маңызды орындарының бірі болған Түрпан, өзінің абзал жағырапиялық орнынан пайдаланып, Жунго мәдениеті, ежелгі Инді, Гірек мәдениеттерін өзара тоғыстырып, ұйғыр мәдениетіне белгілі әсер етіп, адамзат мәдениетінің қазынасына өшпес үлестерді қосқан. Тарихи қалдық және мың ұй қабырға суреттеріне негізделгенде, Түрпан ұйғырлары Шаман діні, Зорастыра діндеріне сенген.

Дін – бір түрлі қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның өзіне тәуелді ерекшелігі, табыну объектісі болып қалмастан философиялық идеясы, ұлттың қоғамдық тұрмысы, ғұрып-әдеті қатарлы әр қайсы жақтарға байланысады. Мен бұл мақаламда тек Құжу ұйғыр еліндегі будда дінінің сол уақыттарда бірлікте сақталып тұрған діндерге тәсір көрсетіп және өзара тоғысып тұрғандығы, будда мәдениетінің ұйғыр мәдениеті тарихында ең қадірлеуге татыйтын сала екендігі үстінде тоқталмақшымын.

### 1. Батыс аймақ ұйғыр хандығы

840-жылы Орхон ұйғыр хандығы ішкі былықбалық, табиғый апат себебінен ойран болып ұйғырлар Пан Текынның бастамашылдығында батысқа көшіп қыши каридоры және бұл жердегі баурластардың көмегінде ганжу ұйғыр хандығын құрды (902-1028). Батыс өңірге кірген ұйғырлар кара қанилар хандығы (844-1212), құжу ұйғыр хандығы (866-1393) құрылған, бұл үш хандық ұйғырлар батысқа көшкеннен кейін құрған 3 үлкен қандық еді. Олардың ішіндегі ең ұзақ билік жүргізгені батыс аймақ ұйғыр хандығы. Оның жалғасқан уақыты 866-жылдан 1393-жылға дейін 527 жылдық тарихты өз ішіне алған. Б.Д.Д. 866-жылы Бөке тегін ұйғыр және басымил тайпаларына жетекшілік етіп тибеттердің қолынан бесбалық, румчы, құжу қатарлы

қалаларды басып алып осы жерлерде жаңа бір ұйғыр хандығын құрып шықты. Бөке тегін басымилардың салты бойынша өзін Ед құт деп атады. Бұл хандық тарихта Ед құт ұйғыр хандығы болды.

Ұйғырлар (Батыс аймақ ұйғыр хандығы) құжу ұйғырлары, анши ұйғырлары деген түрлі атаулармен аталған. Арапша және Парысша материалдар тоғыз, оғыз деген атпен тілге алынады. Хандықтың екі астанасы болған бірі бесбалық, бірі қарақожа. Қарақожа түрпандағы байырғы қалалардың бірі болған, түрпан районында қала мемлекеттерінің қалыптасқан уақыты жаңа эрадан бұрынғы 1000 жылдардың кейінгі жарымына тура келеді. Турки тілдер сөздігіндегі QoCo-ға қатысты бөлімінде бұл ұйғыр қаласы сондай-ақ осындағы барлық қалалардың аты делінген. Жоғарыдағы материалдар батыс аймақ ұйғыр хандығының бұрынғы гүлденген қаланы хандықтың астанасы етіп бекіткендігін көрсетеді, Ед құт ұйғыр хандығы гүлденген хандық болып, 9-ғасыр ақырында оның территориясы батысқа қазіргі күшардың батысына дейін шығыста Ганжу ұйғыр хандығының шажу өңіріне дейін созылған. Ед құт ұйғыр хандығында Пан текыннен бастап 18 патшаның өткендігі туралы мәлімет берілген. Тарихи материалдарда құжу ұйғыр хандығының соңғы ханы «Саңга» деп аталған. Саңгадан кейінгі Ед құттардың аты анық емес, бұл туралы тарихи материалдарда өте кемшіл.

Тарихи материалдарда құжу ұйғыр хандығы 860-жылы құрылған делінген. Бірақ оның жойылған уақыт турасында көзғарастар бірдей емес. Габайын ханым құжу ұйғыр хандығының «хандық қарасы» атты мақаласында «Ед құт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1400-жылы жойылған» делінген.

Абдушкүр Мұхаммет Имін «батыс өңір таскемір мәдениеті» атты кітабында «Ед күт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1284-жылы жойылған» делінген. Нұролла Момын, Ануар Байтүр, Хайрынса Сыдық қатарлылар Ед күт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1393-жылы мұғлыстан хандығы жағынан жойылған деп қараған және көптеген авторлар Ед күт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1278-жылы жойылған, Қошқар Текін Ед күт ұйғыр хандығының соңғы ханы деп қаралған, бұл айтылымдар тарихи фактілерде анық емес. 1278-жылы Шағатай хандығындағы Дұуа мен Қайду, Құбылайдың мұңғыл хандығының ұлы хандық орнына қарсы тұрып, бұрын Құбылай жақта тұрып келген Құжу еліне кенеттен шабуыл жасады.

Құжу Ед күты Қошқар Текін батырлық көрсеткен болсада әскер күш салыстырмасында парық зор болғандықтан Құжу қолдан кетті Қошқар Текін билік орталығын Құмылға жөткеп көп өтбей Дұуа мен Қайду тағы шабуылдап келгенде, Қошқар Текін қатты қарсылық көрсеткен болсада соңында құмылда қолдан кетіп өзі шайқаста қаза болады. Оның ұлы Нұрын Текін қалған қолды бастап Иүңчаңға көшкен сонымен бірге Юан патшалығымен жақын өткен. Юан Дызүңның (1312-1321) бастамашылығы бойынша Құжу Ед күты Нұрын Текін ұйғыр хандығын қайта қалпына келтірген. 1312-жылы ол Иүңчаңнан көптеген қосын бастап келіп Құжуды басып алған. Сондай-ақ бұл жерден қайтадан ұйғыр қаласын салдырған. 1318-жылы Нұрын Текін дүние салған соң оның ұлы Темір Бұқа мұрагер болып Құжу Тд күты болған. Бұған қарағанда Құжу ұйғыр елін 1278-жылы жойылған деген көзғарас тура емес.

Бұл соғыстар хандықтың басқару көлемін кішірейткен болуы мүмкін, хандық бұрынғы орнын тарайтқан, бірақ бүкілдей жойылмаған. Және бір көзғарастарда Ед күт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1331-жылы жойылыған дейтін көзқарастарда бар, бірақ тарихи фактілер анық емес. 1331-жылы Ед күт ұйғыр хандығы Шағатай хандығына өтті, содан кейін Құжу Ед күты Юан патшалығымен Шағатай хандығына салық төлеп отырған. Бірақ бұл күндер ұзаққа жағаспаған. 1334-жылы шағатай хандығы ішкі былықпалықтар салдарынан әлсіреп, жергілікті мәнсаптылар алды-алдына билік жүргізіп, мұндай жағыдай Тұғылық хан таққа отырғанға дейін жалғасты, бұл кезде Ед күт ұйғыр хандығыда тәуелсіздік алып Шағатай хандығының үстемдігінен құтылған. Соған бұл жылнама Ед күт ұйғыр хандығының жойылғандығын көрсететін нағыз жыл емес. Құдды Нұролла Момын

айтқандай кейбір зерттеушілердің орын алған айырым жазбалар осы саладағы зерттеушілерді өзіне тартқан.

Мәселен «1393-жылы Ед күт ұйғыр хандығы жойылғаннан кейін Ед күт ұйғыр хандығы жалпы беттік ислам дініне сенетін болған», «1393-жылы Қызыр Қожа көптеген қосын бастап келіп Ед күтты өлтіріп, түрпан өңірін өз қолына алды және ислам дінін зорлықпен жалпыластырды» деген мәліметтер бар. Демек 1331-жылы Ед күт ұйғыр хандығы жойылған болса Қызыр Қожаның Құжу еліне көптеген қосын бастап барып Ед күтты өлтіруінің керегі жоқ еді, Құжу ұйғыр хандығы ең болмағанда өзінің тәуелсіздігін сақтағандығы анық.

Шыңғыснамадағы мәліметтер жаңа эраның 795-жылы еді. Қызыр Қожа Құжу және Түрпанды қарулы күшпен бағындырды және бұл районды «Дарыл ислам» деп атады. Нақтылап айтқанда Ед күт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 527 өмір сүріп 1393-жылы жойылған.

## **2. Ед күт ұйғыр хандығының дінни жағдайы**

Батыс өңір будда дінінің Индиядан кейінгі екінші орында тұратын өңірі еді, Ед күт ұйғыр хандығының астанасы болған Құжу батыс өңірдегі будда дінінің орталық орындарының бірі еді.

1. Будда діні – Құжу ұйғыр хандығы құрылып көп өтбей будда дінін мемлекеттік дін деп бекіткен. Будда діні шамамен жаңа эрадан бұрынғы 5-6 ғасырларда ежелгі Индия мен Непал шегарасындағы Сак тайпасының ханзадасы Готама Стыхарта жағынан жаратылған. Будда дінінің қайсы дәуірлерде Ед күт ұйғыр хандығы жайында анық мәлімет жоқ. Тек жапониялық Иуйжи Ляудың «батыс өңірдегі буддизим» атты шығармасында: «жаңа эрадан бұрынғы 242-жылы Кашымирлық Үружына будда діні Хотанда таралған» деп жазылған. Бұған қарағанда будда дінінің Құжуға таралуына оншалық ұзақ уақыт кетбеген. Құжу ұйғырлары будда дініне сену барысында буддизимның философиялық, идея-мәдениет жүйесі буддизим мәдениетін қабылдады.

Бұл жерде будда дінінің Маһаяна Мәзғабы төтенше гүлденген. Бірақ кейбір Архологиялық мәліметтерде Ыная Мәзғабы да таралған. Құжу ұйғыр хандығы дәуірінде будда діні бүкіл қоғамның әр қайсы салаларына сіңіп кірген. Осылай өзіне тән буддизим мәдениетінің алтын дәуірін жаратты. Осыдан кейін буддизим мазмұнын негіз еткен философиялық, идеялық көзғарастар, әдебиет-көркемөнер кең таралды. Мүсіншілік, оймашылық, суретшілік, құрылыс-

шылық, мың үй мәдениеті қатарлыларды негіз еткен буддарды жасау өнері қалыптасып көркейді. Бұл мезгілде Құжу қаласында 50 ден артық ғибадатхана бар болып, бұған алтыннан жасалған әр түрлі буддар қойылған. Орта жазықтан, Таңғұттан, Қыдан хандығынан будда мүриттері бұл жерге келіп үйренген. Ед құт ұйғырлары 14-ғасырдың ақырына дейін будда дініне сенген. Соңында патша әулетінің қолдауы және будда сопыларының тыршандығында Құжу ұйғыр елінде «алтын жарық», «шуанзаңның өмір баяны», «майтірі сымыт» қатарлы шығармалар жарққа шығып осы дәуірдегі гүлденген будда мәдениетінің бір бейнесі болды, Құжудағы будда мәдениетінің тағы бір ерекшелігі кейбір діндер буддизим мен өзара бірлесіп кеткен.

2. Мәни діні. Батыс аймақ ұйғыр хандығында мәни діні екінші орында тұртын дін еді. Бұл дінді Ирандық Мәни деген адам жаратқан. Ед құт ұйғыр хандығында мәни дінінің таралуы орхон ұйғыр хандығының соңғы кезіндегі ұйғырлардың мәни дініне табынуымен қатысты. Құжу ұйғыр хандығы құрылғаннан кейін мәни дінінің таралуы тез болды. Мәни дінінің батыс аймақ ұйғыр хандығында гүлденгендігі туралы Суң патшалығының елшісі Уаң Янди «Құжу ұйғыр хандығында мәни дінінің дінни іс орындары көп, әр күні неше мың мәни сопылары хан ордасы маңына жиналып Мәни кітаптарын оқиды» деп жазылған. Қазір Тұрпанда сақталған мәни діні мәдениетіне қатысты ғибадатхана, мәни дінінің үлкейтілген суреті қазіргі Санкт-петрбург музейінде сақталған мәни дұғасы қатарлылар мәни дінінің батыс аймақ ұйғыр хандығында ұзақ уақыт жалғасқандығын білдіреді.

3. Нестуриян діні. Б.Д.Д. 5 ғасырда шығыс Рим империясында пайда болған. Ең алғашында Сурияның Крматқы қаласында дүниеге келген. Нестуриян (б.д.д. 380-451) деген адам жағынан ортаға қойылған. 531 жылы Нестуриян сақара шөлінде сүргінге айдалған. Сол кезде ол өзінің көзқарастарын жалғасты баяндап, Нестурия діні ағымын қалыптастырған. Жаңа эраның 7 ғасырында орта азияға және Тәңіртау өңіріне таралып жеткен. Жаңа эраның 9 ғасырында Нестуриян діні Тұрпан өңірінде пайда болған.

Сонымен бір бөлім ұйғырлар неструриян дініне сенген. Бұдан басқа Ед құт ұйғыр хандығында және Шаман діні, Зорастыра діні қатарлылар сақталған. Ед құт ұйғыр хандығының мәдениет тарихында будда діні мәдениеті көрнекті орында тұрады, үйткені Ед құт ұйғыр хандығы Суң патшалығының елшісі Уаң Яндиды қабылдағанда қонағасы беріп, шат-шадыман қуаныш пен театр ішінде аяқтаған. Бұдан ұйғырларда дырама мәдениетінің ерте пайда болғандығын көруге болады.

Аударма шығармаларының көптеп майданға келуімен қатар баспашылық дамыған. 19- ғасырдың ақыры Франциялық Фелот Дунхуандағы мың үйден неше жүз тал әріп теріп алған. Россия тексерушілері зерттеулерге қарағанда бұл әріптің уақыты шамамен 1300 жылдарға тура келеді. Бұл техника Будда мәдениетінің алмасуы, таралуы үшін жақсы жағдай жаратқан. Құжу ұйғыр хандығында және будда сиынатын ұйғырлар құрлыс, мүсіншілік жақтрында өзіне тән ерекшеліктерді қаратқан.

20-ғасырдың ішінде Еуропадан келген шаруашы ғалымдар құмдықтың арасына көміліп қалған будда мәдениеті гауһарларын қазып еліне алып кеткен, қазір еліміз ішінде көптеген адамдар дінни сенім салдарынан буддизим мәдениет мұраларына тура көзбен қарамайтын жағдайлар көп. Бірақ Едқұт ұйғыр еліндегі будда мәдениеті ұйғыр мәдениет тарихының бір бөлігі. Ұйғыр мәдениет тарихының қуащісі. Біздің тарихты дұрыс тануымыздың, дұрыс зерттеуіміздің негізі, сол үшін буддизим мәдениетін қорғауымыз керек.

1. «Ұйғырлардың қысқаша тарихы» 2006ж. 2- басылым.

2. «Уаң Яндидың сяхат естелігі» 2004ж. 1-басылым.

3. «Батыс өңір мәдениет тарихы» Иуи Тяньфың Шинжиян халық баспасы.

4. Махмұт Қашқари. «Түркі тілдер сөздігі».

5. «Шинжиянда өткен ислам хандықтарының тарихы» Ли Жиншиң Шинжиян халық баспасы 1-басылам.

\*\*\*

Казахские запреты и приметы в культуре раздывания туш скота.

\*\*\*

Kazakh culture for biddens and signs ob kill cattle.